Израиль Мемлекетінің Елшілігі
Астана

שגרירות ישראל
אסטנה

Посольство Государства Израиль
Астана

Астана қаласы әкімдігінің

«Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия»

ШЖҚ МКК

Алғыс хат

Израиль Мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігі Астана қаласы әкімдігінің «Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясының» директоры Жәудір Бақтиярқызы Бекжановаға және мектеп ұжымына 2026 жылғы 26 мамырда «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында өткен ағаш отырғызу экологиялық акциясын жоғары деңгейде ұйымдастыруға қосқан үлесі мен қонақжайлығы үшін шынайы алғысын білдіреді.

Іс-шара барысында көрсетілген ұйымшылдық, оқушылардың белсенді қатысуы мен шығармашылығы, сондай-ақ табиғатқа деген жанашыр көзқарасы ерекше әсер қалдырды. Мектеп қабырғасында қалыптасқан білімге, тәрбиеге және қоғамдық құндылықтарға негізделген орта жас ұрпақтың саналы әрі жауапты болып қалыптасуына үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Бірлескен ағаш отырғызу акциясы Қазақстан мен Израиль арасындағы достық пен өзара құрметтің, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін тұрақты әрі жарқын болашақ құруға деген ортақ ұмтылыстың айқын көрінісіне айналды.

Сіздерге және мектеп ұжымына толағай табыс, шығармашылық жетістіктер мен жаңа бастамалар тілейміз. Алдағы уақытта да өзара ынтымақтастығымыз жалғасады деп сенеміз.

Астана қ, 28 мамыр, 2026 жыл.

Құрметпен,

Йоав Быстрицкий
Израиль Мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы және Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшілісі

Астана, Z10T4C7
Әуезов көшесі, 8 үй

тел.: +7 (7172) 703 400/2, факс: +7 (7172) 703 427
e-mail: info@astana.mfa.gov.il

Астана, Z10T4C7
ул. Ауэзова, 8